

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты ғаламға қатайтып ұштыратын, адамды өмір сүре білуге үйреткен, адамгершілікке тәрбиелеп тер төккен ұстаздар күні мерекесіне орай ұйымдастырылған мерекелік шара өтті. Шараға мектеп директоры, оқу-тәрбие орынбасарлары, мектеп ұстаздары және оқушылар қатысты. Алғашқы құттықтау сөз кезегінде мектеп директоры Л.Б.Балмаканова ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтап, еңбектеріне жеміс, табыс тіледі. Оқушылар ұстаздарға арналған өлең жолдарын оқыса 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдас ұстаздарға арнап ән жолдады. Шара барысында Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінен түлеп ұшқан түлектердің ұстаздарына арналған жүрекжарды игі тілектетін экран арқылы тамашалап тыңдады. Шара соңында кәсіподақ ұйымы атынан шағын сыйлықтар табысталып, ұстаздар қауымының мерейін бір көтерді.

Мектеп тәлімгері:


З.Сағынайқызы



Қазан айының басында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тұғыры биік - Тәуелсіздік» тақырыбында виртуалды кітап көрмесі өтті. Виртуалды кітап көрмесінде Тұрсын Сұлтанның «Қазақ хандығының тарихы» кітабынан «Қазақ хандығы XV ғасырдың екінші жартысында Шығыс Дешті қыпшақты билеген Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған әулеттік бір тармағы Шибан әулетінің құлауының нәтижесінде пайда болды» нақыл сөзі, Бекет Кәріблевтің «Қазақ хандығының күшеюі» кітабынан «Қазақ хандығының XVI-XVII ғасырлардағы шығыс авторлары жазғандай, Дешті Қыпшақ пен Мауреннахрдағы ең қуатты мемлекеттің біріне айналды.», Жақып Мырзахановтың «Тарих қойнауынан» кітабынан «Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы нәтижесінде Қасым хан(1509-1523), Есім хан (1598-1628) және Тәуке (1680-1718) тұсында қазақтың әдет-ғұрып заңдары қалыптасты», Әшірбек Кепіш «Қазақ халқының тарихи тұлғалары» кітабынан «Көне дәуірлерден бастау алып келіп, күні бүгін өз Тәуелсіздігінің кезеңіне көтерілген Қазақстанның арғы-бергі тарихында Елі, Жері, Халқы үшін жанын пида қыла отырып, бар өмірін сарт еткен ұл-қыздары жетерлік!», Кеңес Оразбекұлының «Қазақтың алпыс батыры» кітабынан «Жүздеген жылдар бойы батыр Бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, айбалтаның күшімен кеңбайтақ жерімізді қорғап, бүтіндігін сақтап қана қоймай, еліміздің тыныштығы мен береке-бірлігі, Азаттығы мен Тәуелсіздігін аңсарлы армандарына айналдырды» нақыл сөздерінен үзінді келтіріп, оқушылардың назарына ұсынылды.

Кітапханашы:

Г.А.Шаймолдина





14 қазан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде «Барлық пәндер арқылы оқу» сабақ жүйесі барысында сабақ кестесіндегі барлық пәндер бойынша пән мұғалімдері сабақ жоспарларындағы тақырыптарын ғұлама адамдардың қанатты сөздерімен байланыстырды. Соның ішінде 2 класс мұғалімі Тортаева Салтанат қазақ тілі пәнінің «Дауыссыз қ мен ғ (Аурудан аяған күштірек)» атты сабақ тақырыбын А.Байтұрсыновтың «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады» нақыл сөзімен жүйелі бастады.

7 класс қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бұхарбаева Жанаргүл «Қазтуған жыраудың «Туған жермен қоштасу» толғауы тақырыбын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің

Жамандық қайдан туар,  
 Әркім де ғақыл болса, тілін буар.  
 Шығарсаң бір жаман сөз сен аузыңнан,  
 Артыңнан айдаһар боп сені қуар,  
 жолдарымен кірітіре сабақты бастады.



8 класста география пәнінің мұғалімі Шаймолдина Гүлжайнар «Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың рөлі» тақырыбын «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Ақылың мен білімің екі жақтап» деген ұлы Абайдың ғибратқа толы қанатты сөздерін эпиграф ретінде пайдаланды.



Мектеп кітапханашысы:

Г.А.Шаймолдина

Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде Жанкүшікова Ермек 3-4 сынып оқушыларына әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндерінің оқыту барысында 20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөліп, сабақты жүйелі өткізді. Қоңырау сәтін тиімді пайдаланып, білім алушылардың оқуға құштарлығын арттыру мақсатында жұмыстанды. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес жоспарға сәйкес жүргізілген жұмыс барысында бір-біріне түсіндіріп, ортақ талқылау жүйелі өткізілді.

Мектеп кітапханашысы:

Г.А.Шаймолдина



Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сартаев Жаңалық пәндерді оқыту барысында іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлді. Жоспарға сәйкес келген тақырыптар бойынша 6-8 класс оқушылары нұсқаулыққа сәйкес нормаларды орындап, пәнге деген қызығушылықтарын көрсетті.

Іштен оқуға берілген мәтіндерді ауызша талдап, өз ойларын еркін жеткізді. Тыңдалым мен айтылымға белсене аралап, ішінара пікір алмасты. Оқылым бойынша берілген мәтіндермен жұмысқа білім алушылар бар зейінімен атсалысты.

Мектеп кітапханашысы:

Г.А.Шаймолдина



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 5-9 сынып оқушылары арасында «Спорт-денсаулық кепілі» атты футбол жарысы өтті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Бахитовпен бірлесіп жүзеге асқан шара білім алушылардың шынығуына, денсаулықтың маңыздылығын түсініп, спортқа деген қызығушылықты арттыруға өз септігін тигізді. Әр сыныптан белсене қатысқан командалардың тартымды ойыны көрермендердің қызу талқылауына түсті. Нәтижесінде оза шапқан 9-сынып оқушыларынан құралған команда бас жүлдені қанжығалады. Осы арқылы ауыл жастарының спортқа деген оң көзқарасы дами түсті. Мектеп оқушылары түгел қатысқан футбол жарысының танымдық мәні басым болды.

Мектеп тәлімгері:

З.Сағынайқызы



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде I тоқсанда «Біз бір-бірімізге оқимыз!» атты жоспарға сәйкес жұмысқа бастауыш сынып оқушылары белсене ат салысты. Білім алушылар арасындағы тығыз байланысты меңгеріп, кішіге ізет, үлкенге құрмет қасиеттерін бойларына сіңіріп, бір-бірімен пікір алмасты. Ілгерінді оқушылармен бірлесе атқарған жұмыс барысында бастауыш сынып оқушылары қызыға кітаптармен танысты.

Мектеп кітапханашысы:

Г.А.Шаймолдина

